

Н.Н. Керімбаев¹, Ж.Ғ. Менлибай^{2*}

^{1,2}Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
(*Хат-хабарға арналған автор. E-mail: janbo_077@mail.ru)

¹ORCID 0000-0002-3206-0855

²ORCID 0009-0007-2232-0135

Генеративті жасанды интеллект дәуірінде бағдарламалауды оқыту: синтаксистен метатанымдық ойлауға көшу

Генеративті жасанды интеллект (ЖИ) жүйелерінің білім беру саласына жедел ендірілуі жағдайында жоғары білім беру жүйесінде бағдарламалауды оқытудың мақсаттары мен әдістерін қайта қарастыру қажеттілігі туындап отыр. Зерттеудің мақсаты — бағдарламалау тілінің синтаксистік құрылымдарын меңгеруден гөрі жасанды интеллектпен саналы әрі мақсатты өзара әрекеттесу үшін метатанымдық стратегияларды дамытуға басымдық беретін педагогикалық үлгінің теориялық негіздемесін әзірлеу және оны эмпирикалық тұрғыда тексеру. Зерттеудің әдіснамалық негізі ретінде оқыту үдерісін саналы жоспарлау, жасанды интеллектпен диалог жүргізу, әрекеттерді бақылау және рефлексия кезеңдерін қамтитын когнитивті-метатанымдық үлгі таңдалып алынды. Зерттеу *design-based research* тәсілі аясында жүзеге асырылды, бұл нақты оқу жағдайында педагогикалық шешімдерді жобалауға, ендіруге және талдауға мүмкіндік берді. Зерттеу жұмысына бағдарламалауды үйрену барысында генеративті модельдерді (ChatGPT, GitHub Copilot, DeepSeek, Gemini және LLaMA) пайдаланған 52 студент қатысты. Оқыту процесінде студенттердің жасанды интеллектпен өзара әрекеттесу сәттері скринкаст түрінде жазылып, фасилитациялық сессиялардың аудиожазбалары, студенттердің рефлексивтік күнделіктері мен жобалық жұмыстардың артефактары жинақталды. Курстың басындағы және сонындағы мәліметтерді салыстырмалы талдау Уилкоксон тестінің нәтижелері бойынша ($p < 0.001$) студенттердің метатанымдық саналығының деңгейі статистикалық тұрғыдан елеулі өскенін көрсетті. Сонымен қатар жасанды интеллектке қойылған сұрау түрлерінің репродуктивті сипаттан аналитикалық сипатқа ауысуы және студенттердің өзін-өзі сипаттауларында стратегиялық әрі рефлексивтік үлгілердің жиі кездесуі анықталды. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, егер оқу үдерісі тиісті педагогикалық қолдаумен сүйемелденсе, жасанды интеллект тек техникалық құрал ретінде ғана емес, сонымен қатар танымдық белсенділікті ынталандыратын және дербес, сыни тұрғыдан ойлай алатын тұлғаның дамуына ықпал ететін фактор ретінде қызмет ете алады. Ұсынылып отырған педагогикалық үлгі студент пен жасанды интеллект арасындағы метатанымдық диалогқа негізделген бағдарламалауды оқытудың жаңа парадигмасын ұсына отырып, цифрлық дәуір жағдайында білім беру стратегияларын қайта қарауға мүмкіндік береді.

Кілт сөздер: метатаным, генеративті жасанды интеллект, бағдарламалауды оқыту, педагогикалық үлгі, когнитивтік стратегиялар, *design-based research*.

Кіріспе

Көп жылдар бойы жоғарғы оқу орындарында бағдарламалауды оқыту синтаксис, деректер құрылымдары және негізгі алгоритмдерді кезең-кезеңімен меңгеруге негізделген сызықтық үлгі бойынша жүргізілді. Бұл тәсіл техникалық дағдыларға ие маманды даярлауды көздейтін индустриялық ұстанымға сәйкес келіп, тиімді бағдарламашы — кодты өз бетінше дұрыс жаза алатын адам деген түсінікке негізделді. Алайда ChatGPT, DeepSeek, Gemini және LLaMA секілді генеративті

тілдік модельдердің пайда болуымен бұл парадигма қайта қарауды қажет етіп отыр. Қазіргі заманғы жасанды интеллект жүйелері нақты уақытта кодты құрып, түсіндіріп, түзете алады және бұл олардың қабілетін бастапқы деңгейдегі бағдарламашылармен салыстыруға мүмкіндік береді [1–5]. Осылайша, «бағдарламалауды үйрену» ұғымының өзі түбегейлі өзгеріске ұшырауда.

Генеративті жасанды интеллект енді тек күнделікті қайталанатын тапсырмаларды автоматтандыру құралы емес. Ол жай ғана көмекші құрал емес, білім алушының ойлау процесіне белсенді қатысатын, танымдық делдал — пікір жүргізудегі серіктес ретінде көріне бастады. Мұндай серіктестік оқу субъектісінің ойлау сипатын тек толықтырып қана қоймай, оны мазмұндық әрі құрылымдық тұрғыдан өзгертуге қабілетті [6-7]. Мұндай жағдайларда эпистемологиялық жүктеме қайта бөлінеді: бұрынғыдай техникалық машықтар басты талап емес, енді басты орынды тапсырма қою, ойлауды стратегиялы түрде реттеу, жасанды интеллект ұсынған шешімдерді түсіндіру және сыни бағалау дағдылары алады [8-9]. Кодтың қолжетімділігі артқан сайын, одан тыс орналасқан қабілеттер — абстрактілі ойлау, метатаным, контексті түсіну және жасанды интеллект ұсынған жауаптардың шынайылық шегін айыра білу дағдылары — бұрынғыдан да құнды бола түседі.

Жасанды интеллекті білім беру үдерісіне ендіруге деген қызығушылықтың күрт өсуіне қарамастан, технологиялық серпілістер мен педагогикалық модельдердің бейімделу жылдамдығы арасында елеулі алшақтық бар. Блум таксономиясының нұсқалары, Уэстердің когнитивтік схемалары немесе АСМ-нің (Есептеу техникасы ассоциациясы) құзыреттілік стандарттары сияқты дәстүрлі шеңберлер интерактивті генеративті жүйелермен жұмыс барысында белсенетін тәртіптік және метатанымдық стратегияларды дәл сипаттай алмайды. Соңғы эмпирикалық зерттеулер көрсеткендей, ЖИ-мен жұмыс жасау кезіндегі студенттердің жетістіктері көбіне техникалық дайындық деңгейімен емес, олардың метатанымдық сезімталдығымен — нақтылаушы сұрақтар қоя білу, нәтижені сыни тұрғыда бағалау, әрекеттерін жоспарлау қабілетімен — айқындалады [10–12].

Зерттеудің мақсаты — жоғары білім беру жүйесінде бағдарламалауды оқытудың басымдықтарын қайта қарау қажеттілігін теориялық тұрғыдан негіздеу және эмпирикалық тексеру: синтаксисті меңгеруге бағытталған дәстүрлі тәсілден бас тартып, генеративті ЖИ жүйелерімен мағыналы әрі сыни өзара әрекетке мүмкіндік беретін метатанымдық стратегияларды қалыптастыруға көшу. Осы мақсат аясында келесі зерттеу міндеттері шешілді: (1) бағдарламалауды оқытудың қолданыстағы педагогикалық модельдерін талдап, ЖИ контексіндегі шектеулерін анықтау; (2) студенттердің оқу тапсырмаларын генеративті ЖИ көмегімен орындауы кезінде когнитивтік және метатанымдық стратегияларының өзгерістерін зерттеу; (3) бағдарламалау үдерісін ЖИ-мен метатанымдық диалог ретінде сипаттайтын концептуалдық модель әзірлеу; (4) ЖИ-ді тек техникалық көмекші емес, тұлғалық интеллектуалдық автономияның катализаторы ретінде қарастыратын білім беру ортасын жобалау бойынша педагогикалық ұсынымдар әзірлеу.

Зерттеудің әдіснамалық негізі ретінде бакалавр курсы шеңберінде жүргізілген кейс-зерттеу алынды. Онда студенттер ChatGPT, GitHub Copilot, DeepSeek, Gemini және LLaMA секілді бірнеше генеративті ЖИ құралдарын кодты талдау, генерациялау және рефлексиялау үдерісіне интеграциялады. Зерттеуде жасанды интеллект ұсынған шешімдер көбіне бірмағыналы болмаған жағдайларда туындайтын жоспарлау, өзін-өзі бақылау және бағалау стратегияларының трансформациясына баса назар аударылды. Бұл жағдайлар студенттерден ұсынылған нәтижелерді интерпретациялауды, бейімдеуді және дербес жетілдіруді талап етті. Жинақталған эмпирикалық деректердің негізінде бағдарламалауды адам мен жасанды интеллект арасындағы диалог түрінде — терминологиялық емес, когнитивтік-педагогикалық мағынада — түсіндіретін тұжырымдамалық модель ұсынылды. Ұсынылған модель постсинтаксистік цифрлық білім беру жағдайында оқытушының, студенттің және технологияның рөлдерін жаңаша қарастыруға мүмкіндік береді.

Осылайша, бұл зерттеу адам мен генеративті жасанды интеллекттің симбиотикалық өзара әрекеттесуі жағдайында метатанымды, сыни ойлауды және икемді зияткерлік стратегияларды дамытуға бағытталған педагогикалық тәжірибелердің қалыптасып келе жатқан бағытына өз үлесін қосады.

Материалдар мен әдістер

Соңғы жылдары академиялық ортада бағдарламалауды оқытуда жасанды интеллект рөлінің елеулі өзгерісі айқын байқала бастады: ол кодты автоматты тексерудің құралы болудан шығып, студентпен пікір алмасып, оның ойлау үдерісін бағыттай алатын толыққанды «когнитивтік серіктеске» айналуға. Жақында жүргізілген бірқатар эмпириялық зерттеулер қазіргі заманғы

модельдердің, әсіресе GPT-4 нұсқасының, алдыңғы нұсқалармен салыстырғанда айтарлықтай жетілдірілгенін көрсетеді. Мәселен, Phung және әріптестері (2023) CS1–CS2 деңгейіндегі 150 тапсырмамен жүргізілген экспериментте GPT-4 моделі CS1 деңгейінде шамамен 89 %, ал CS2-де 80 %-ға жуық дәлдік көрсеткенін анықтаған. Бұл ретте GPT-3.5 (ChatGPT) тиісінше 74 % және 65 % деңгейінде шектелген. Сонымен қатар GPT-4 неғұрлым мазмұнды түсіндірмелер ұсынып, оқытушының логикасына ұқсас релевантты мысалдар келтіре алады, ал GPT-3.5 түсіндірмелері жиі құрылымсыз болып келеді [13]. Осындай мәліметтер Kiesler мен Schiffner (2023) еңбегінде де келтіріледі: Python тіліндегі 72 жаттығу сериясында GPT-4 моделі 95,8 % дәлдік көрсетіп, GPT-3.5 — 94,4 % нәтижеге қол жеткізген [14]. Екі модель де алгоритмдік шешімдерді сапалы сипаттайды, дегенмен GPT-4 бұл әрекетті анағұрлым жинақы және қисынды түрде орындайды. Llerena-Izquierdo және авторлар (2024) 210 студент қамтылған жеті топпен жүргізілген квазиэкспериментте Gemini моделінің Google Colab платформасында Python оқыту үдерісіне енгізілуін зерттеген [15]. Нәтижесінде қатысушылардың 91 %-ы пәнге деген мотивацияның артқанын, ал 90 %-ы оқуға қанағаттанудың жоғары деңгейін атап өткен. Бұл көрсеткіштер аралық тест нәтижелерінің бақылау тобына қарағанда орта есеппен 14 %-ға жоғары болуына себеп болған. Бұдан бөлек, Zviel-Girshin (2024) «Программалау» пәні бойынша 276 студент арасында жүргізілген сауалнамада олардың 68 %-ы ChatGPT-ді алгоритмдік концепцияларды түсіндіру құралы ретінде белсенді пайдаланатынын көрсетсе, 43 %-ы дайын шешімдердің тым қолжетімділігі синтаксисті өз бетінше терең меңгеруге деген мотивацияны төмендететінін мойындаған [16]. Бұл зерттеулердің жиынтығы қазіргі заманғы ЖИ модельдері, әсіресе GPT-4, тек синтаксистік тұрғыдан дұрыс кодты генерациялау қабілетімен ғана шектелмей, құрылымдалған ой-тұжырымдар жасауға да бейім екенін дәлелдейді. Бұл өз кезегінде жасанды интеллектіні тек «автотексеруші» емес, сонымен қатар «оқытушы серіктес» ретінде қарастыруға мүмкіндік ашады.

Жасанды интеллект құралдарының мүмкіндіктері кеңейе түскен сайын, студенттердің ойлау қызметінің сапасына қатысты алаңдаушылық та арта түсуде. Атап айтқанда, оқу барысында ЖИ-мен жұмыс істегенде «метатанымдық енjarлық» деп аталатын құбылыс байқалуы мүмкін — бұл жағдайда студенттер сындарлы ойлау мен рефлексияны ығыстырып, ЖИ ұсынған жауаптарды ойсыз көшіріп, тұтынуға бейімделеді. Осыған байланысты қазіргі таңда оқу үдерісіне метатанымдық интервенцияларды кірістіру мәселесіне арналған зерттеулер саны арта түсуде. Мысалы, Lim (2025) жасаған DeBiasMe жобасы адамның ЖИ-пен әрекеттесуіндегі когнитивтік жаңсақтықтарды азайтуға бағытталған. Бұл жүйеде студенттерге код ішінде «ықтимал қисықтық тудырушы жалаушалар» көрсетіліп, когнитивтік жаңсақтық ықтималдығы жоғары аймақтар визуалды түрде белгіленеді. Нәтижесінде студенттер сұрауларды неғұрлым саналы түрде қалыптастырып, ЖИ ұсынған шешімдерді сыни тұрғыдан бағалауға дағдыланады. Төрт апта бойы DeBiasMe қолданылған эксперимент көрсеткендей, студенттер дайын шешімдерді талдаусыз көшіруді сирек жасайтын болған және өзін-өзі реттеу деңгейі айтарлықтай артқан [17]. Susskind (2025) өз еңбегінде ЖИ құралдарын оқыту тек техникалық машықтармен шектелмеуі керек екенін атап көрсетеді [18]. Оның пікірінше, оқу бағдарламасының кем дегенде үштен бірін ЖИ-дің даму тарихы, жұмыс істеу шектеулері және этикалық аспектілері секілді іргелі қағидаттарға арнау қажет. Бұл студенттердің ЖИ-ді «қара жәшік» ретінде емес, оның шешім қабылдау логикасын түсінетіндей деңгейде қабылдауына мүмкіндік береді. Осыған ұқсас көзқарас Active Learning Plan әдістемесінде де байқалады, оны Portella-Cleves және Rodríguez-Hernández (2024) ұсынған [19]. Бұл әдісте студенттер «жалған код → ChatGPT көмегімен валидация → рефлексия және жетілдіру» циклінен өтеді. Зерттеу нәтижесінде осы әдістеме арқылы оқыған студенттер түсінікті бақылау дағдыларын 31 %-ға, ал шешім қабылдауды жоспарлау қабілеттерін 28 %-ға жақсартқаны анықталған. Алайда Keuning және әріптестері (2024) 312 студентпен жүргізілген сауалнамада 73 %-ы ЖИ-ді қателерді түзету, ал 68 %-ы түсіндіру үшін пайдаланатынын айтқанымен, тек 34 %-ы ғана ЖИ-дің кодын жүйелі түрде тексеріп отыратынын мойындаған. Бұл жайт студенттердің дербестігіне төнетін қауіптерді көрсетеді. Сонымен бірге Naznin, Hossain және Rahman (2025) ChatGPT қолданылатын 120 зерттеуге жүргізген жүйелі шолуда олардың тек 16 %-ы ғана метатанымдық стратегиялардың дамуына назар аударатынын атап өткен [20-21]. Бұл ЖИ-мен оқытуда метатаным аспектісіне жеткілікті көңіл бөлінбейтінін көрсетеді. Осылайша, зерттеушілер арасында нақты бір пікір қалыптасып келеді: егер ЖИ оқыту үдерісіне метатанымдық интервенциялар арқылы мұқият енгізілмесе, онда ол білімді үстірт меңгертуге ғана әкелуі мүмкін.


Denry және әріптестері (2024) «Бағдарламалау біліміндегі ЖИ оқытушыларының көмекшілері үшін қажетті сипаттамалар» мақаласында 813 студенттің пікірін зерттей отырып, бағдарламалау пәнінде тиімді ЖИ-нұсқаушының бес маңызды сипаттамасын анықтады: жедел кері байланыс, қолдануға ыңғайлы интерфейс, студенттің деңгейіне бейімделе алатын күрделілік, қателерге қатысты позитивті қолдау (яғни қате — бұл оқу процесінің ажырамас бөлігі ретінде қарастырылуы), сондай-ақ студенттің шешім қабылдау еркіндігін сақтау [22]. Зерттеушілер бұл сипаттамалар сақталмаған жағдайда ЖИ-ассистенттер әсіресе жаңадан бастағандар үшін мотивацияның төмендеуіне және оқу нәтижесінің әлсіреуіне себеп болуы мүмкін екенін атап көрсетеді [23-24]. Осылайша, ЖИ-дің білім беру жүйесіндегі рөлі тек көмекші құрал ретінде емес, сонымен бірге психологиялық, педагогикалық және әдістемелік тұрғыдан ойластырылған серіктес ретінде қарастырылуы тиіс.

Жалпылама алғанда, жасанды интеллектіні (ЖИ) білім беру жүйесіне тиімді енгізу үшін оқу бағдарламаларын әзірлеу кезінде кемінде үш маңызды аспектіні ескеру қажет екені анық көрінеді. Біріншіден, оқытушы өзінің «ментор» ретіндегі рөлін сақтап қалуы тиіс — яғни студентті дайын шешімдерді ұсынуға емес, керісінше, жеке талдау мен рефлексияға бағыттауы қажет. Екіншіден, метатанымдық механизмдерді (мысалы, DeBiasMe, MetacogAI, Active Learning Plan) оқу процесіне интеграциялау қажет, бұл студенттердің ЖИ-ден алынған жауаптарды ойсыз қабылдауын шектеп, сыни ойлау дағдыларын дамытады. Үшіншіден, оқу бағдарламаларын қайта құрастыру қажет: оқыту уақытының елеулі бөлігін ЖИ-дің жұмыс принциптері, оның шектеулері, этикалық мәселелері және «адам–ЖИ» арасындағы тиімді өзара әрекеттестік тәсілдері жөніндегі білімге арнау қажет.

2023–2025 жылдар аралығындағы эмпирикалық және шолу еңбектерінің синтезі жаңа буындағы жасанды интеллект (GPT-4, Gemini) модельдері қазіргі таңда толыққанды зияткерлік кеңесші рөлін атқара алатынын көрсетеді — олар тек синтаксистік жағынан дұрыс код ұсынып қана қоймай, сондай-ақ мазмұнды әрі құрылымды түсініктемелер де береді. Алайда, бағдарламалауды оқыту терең әрі саналы болып қалуы үшін, метатанымдық стратегияларды мақсатты түрде біріктіру қажет: студенттер өз әрекеттерін жоспарлауды, түсінігін бақылауды және ЖИ ұсынған нәтижелерді сыни тұрғыдан бағалауды үйренуі тиіс. Сонымен қатар оқытушы рөлін де қайта қарастыру маңызды — оны «бақылаушыдан» «адам–ЖИ» процесінің ментор-фасилитаторына айналдыру қажет. Егер метакогнитивтік стратегиялар жүйелі түрде енгізілмесе және оқытушының фасилитаторлық рөлі сақталмаса, жасанды интеллектіні қолдану оқытуды терең түсінік пен сыни ойлаудан айырып, оны механикалық түрде дайын жауаптарды көшіру үрдісіне айналдырады.

Зерттеудің әдістемесі генеративті жасанды интеллектіні қолдана отырып бағдарламалауды оқытудың когнитивтік және метакогнитивтік үлгісіне негізделеді. Бұл үлгі ұсынылған диаграммада бейнеленіп, оқу процесін танымдық белсенділік пен осы белсенділікті рефлексивті түрде басқару арасындағы циклдік өзара әрекет ретінде қарастырады. Мұндай контексте жасанды интеллект жай ғана құрал емес, білім алушының когнитивтік қызметіндегі серіктес рөлін атқарады.

Зерттеу *design-based research* (жобалық-негізделген зерттеу) тәсілі аясында жүзеге асырылды. Бұл тәсіл нақты оқу жағдайларында білім беру интервенциясын әзірлеу, енгізу және бағалауды біріктіреді. Мұндай тәсіл педагогикалық үлгінің тиімділігін тексеріп қана қоймай, оны қолдану барысында қатысушылардың кері байланысы мен жасанды интеллектпен өзара әрекет динамикасына сүйене отырып, бейімдеуге мүмкіндік береді.



1-сурет. Генеративті жасанды интеллекті қолдануға негізделген когнитивті-метакогнитивті бағдарламалауды оқыту моделі

Зерттеу дизайнын қалыптастыруда негізгі әдіснамалық негіз ретінде 1-суретте ұсынылған генеративті жасанды интеллектіні (ЖИ) қолдануға негізделген бағдарламалауды когнитивті-метакогнитивті тұрғыдан оқыту моделі алынды. Бұл модель оқыту үдерісін білім алушының танымдық белсенділігі мен оны басқаруға бағытталған метакогнитивті қызметінің өзара әрекеттесуінен тұратын қайталанатын цикл ретінде сипаттайды. Аталған цикл тапсырманы ұғыну, ЖИ-мен диалог жүргізу, стратегияны жоспарлау, процесті бақылау және нәтижелерге рефлексия жасау кезеңдерін қамтиды. Әр кезеңде нақты метакогнитивтік үдерістер — мақсат қою, стратегияны

таңдау және бейімдеу, модель жауаптарын интерпретациялау, өз шешімдерін сын тұрғысынан қайта қарау сияқты әрекеттер белсенді іске қосылады. Бұл модель тек теориялық тұғырнама ретінде ғана емес, сонымен қатар оқу үдерісін жобалауға арналған практикалық бағдар ретінде пайдаланылды: оқу сценарийі тапсырманы зерделеу, шешу жоспарын түзу, ЖИ-мен өзара әрекеттесу, алынған нәтижелерді бағалау, ойлау барысына рефлексия жасау және жинақталған тәжірибе негізінде келесі әрекеттерді жоспарлау тәрізді бірізді циклдер тізбегіне негізделді. Әрбір кезең педагогикалық тұрғыдан арнайы қолдау арқылы күшейтілді: бағыттаушы сұрақтар, фасилитация, ЖИ-мен өзара әрекеттесудің тиімді үлгілерін көрсету және рефлексияны ынталандыратын тапсырмалар қолданылды. Модельдің сол жағында когнитивті және метакогнитивті әрекеттерді белсендіруге ықпал ететін негізгі педагогикалық қолдау түрлері, ал оң жағында — оқу нәтижелері: танымдық рефлексия, стратегиялылық, білімді жаңа контекстерге көшіру қабілеті және бағдарламалау үдерісіндегі дербестік көрсетілген. Осылайша, ұсынылған модель теория мен практиканы байланыстырып, оқу ортасын құрылымдауға және білім алушылардың метакогнитивтік дамуын бағалауға арналған тұтас негіз ретінде қызмет етті.

Бағдарламалауды оқыту процесі жоғары оқу орнында жүргізілді және студенттердің жобалық сипаттағы тапсырмаларды кезең-кезеңімен шешуі арқылы ұйымдастырылды. Бұл тапсырмаларды орындау барысында студенттер ChatGPT, GitHub Copilot сынды генеративті жасанды интеллект модельдерін шешімдерді іздеу, кодты талдау, түсіндіру және жетілдіру бойынша ұсыныстар алу үшін жүйелі түрде пайдаланды. Оқытудағы басты мақсат дайын жауаптарды механикалық түрде қабылдау емес, керісінше, жасанды интеллект ұсынған жауаптарды сын тұрғысынан зерделеу, оларды жеке түсінікпен салыстыру, нақтылаушы сұраныстарды сауатты құра білу және баламалы нұсқалар арасынан негізделген, саналы шешім қабылдау қабілетін қалыптастыру болды.

Зерттеу барысында деректер бірнеше бағыт бойынша жиналды: жасанды интеллектпен өзара әрекеттесу барысындағы фасилитацияланған сессиялардың аудиожазбалары, экран жазбалары (скринкасттар), студенттердің рефлексивті күнделіктері, жобалық тапсырмалардың аралық және қорытынды нәтижелері, сондай-ақ жартылай құрылымдалған сұхбаттар. Талдау барысында негізгі назар студенттердің оқу үдерісіндегі өзгерістеріне, атап айтқанда — мақсат қою, өз ілгерілеуін бағалау, сұраныстарды саналы түрде жоспарлау және алынған ақпаратты сын тұрғысынан қайта қарастыру қабілеттеріне аударылды.

Бұл модель шеңберінде оқытушының рөлі дәстүрлі «білім жеткізушіден» метакогнитивтік жетекшіге ауысты: оның басты міндеті — дұрыс жауаптарды тексеру емес, студенттердің ойлау үдерісін қолдау, білімдегі олқылықтарды анықтауға көмектесу, бағыттаушы сұрақтар арқылы студентті өз ойына рефлексия жасауға ынталандыру және жасанды интеллектпен саналы әрі мақсатты әрекеттестікке тарту. Мұндай педагогикалық қолдау тек ауызша кері байланыспен шектелмей, сұраныс құрастыруға арналған құрылымдалған шаблондар, өзіндік бағалау рубрикалары мен рефлексиялық карталар арқылы да қамтамасыз етілді.

Бағалау оқу нәтижелерін ғана емес, оқу процесінің өзін де қамтыды. Бір жағынан, студенттердің жобалық тапсырмаларды орындауы, жұмыс істейтін код әзірлеуі және жобаны қорғауы сияқты нақты өнімдер ескерілді. Екінші жағынан, ерекше назар студенттердің жасанды интеллектпен саналы және мақсатты түрде жұмыс істеу қабілетіне аударылды: яғни ЖИ жауаптарын түсіндіру, оларды өз түсінігімен салыстыру, қажет жағдайда бастапқы болжамдарын қайта қарау және жинақталған тәжірибені жалпылау сияқты әрекеттер бағаланды. Бұл үшін қалыптастырушы және жиынтық бағалау әдістері қатар қолданылды: бағалау рубрикалары, өзіндік есептер, сарапшылар бағасы және метатану қабілеттерінің даму динамикасы.

Осы әдістемелік тәсіл педагогикалық модельді тек тәжірибеде сынауға ғана емес, оның тиімділігін дәлелдеп, кең көлемде енгізуге негіз қалады. Зерттеу көрсеткендей, генеративті жасанды интеллектті оқыту процесіне сәтті енгізу үшін оны дайын шешімдердің көзі ретінде емес, студенттердің ойлау қабілетін дамытуға арналған құрал ретінде қолдану қажет. Бұл мақсатқа жету үшін педагог тарапынан жүйелі қолдау мен құрылымдалған рефлексия маңызды рөл атқарады.

Нәтижелер және оларды талдау

Зерттеуге генеративті жасанды интеллектті жүйелі түрде кіріктіру негізінде ұйымдастырылған бағдарламалауды оқыту үдерісіне 52 студент қатысты. Зерттеу жасанды интеллект құралдарын, атап айтқанда тілдік модельдерді, тұрақты қолдану тек техникалық дағдылардың дамуына ғана емес, ең

алдымен студенттердің метакогнитивтік стратегияларының — саналы жоспарлау, өзін-өзі бақылау және рефлексия жасау қабілеттерінің қалыптасуына қалай ықпал ететінін зерделеуге бағытталды.

Жасанды интеллектпен арнайы құрылымдалған тапсырмалар және рефлексивті тәжірибе аясында жүйелі өзара әрекеттесу тек нақты міндеттерді шешуге ғана емес, сонымен қатар студенттердің саналы жоспарлау, өзіндік бақылау және әрекеттерін бағалау қабілеттерін дамытуға ықпал етті — бұл олардың метатанымдық ойлау деңгейінің артуына негіз болды.


Бақылау барысында студенттердің ЖИ-мен жұмыс кезіндегі мінез-құлқы жүйелі түрде зерттелді: жасалған сұраныс түрлері тіркеліп отырды, рефлексивтік жазбалар жиналды, сондай-ақ оқытуға дейін және кейін метакогнитивтік сананың деңгейі стандартталған әдістер арқылы сандық тұрғыда бағаланды.

Алынған нәтижелер айқын оң өзгерістерді көрсетеді. Мұнда тек студенттердің жасанды интеллектпен жұмыс барысында не істегені ғана емес, сонымен бірге өз ойлау үдерісін қалай сипаттағаны да шешуші мәнге ие болды. Бұл деректер генеративті жасанды интеллекттің тиісті педагогикалық қолдау жағдайында жай техникалық құрал емес, керісінше, саналы білім алудың катализаторы ретінде әрекет ете алатынын, студенттерді өздерінің танымдық әрекеттері мен стратегияларын терең ұғынып, қайта қарауға итермелейтінін дәлелдейді.

1. Метатанымдық сананың артуы

Талдаудың негізгі бағыттарының бірі ретінде студенттердің метатанымдық сана деңгейіндегі өзгерістерді өлшеу қарастырылды. Бұл мақсатта жоспарлау, бақылау және рефлексия сияқты үш негізгі компонентті қамтитын Metacognitive Awareness Inventory (MAI) сауалнамасының бейімделген нұсқасы қолданылды. Өлшеу екі рет — оқу басталғанға дейін және аяқталғаннан кейін жүргізілді.

2-суретте көрсетілгендей, әрбір компонент бойынша орташа мәндерді көрнекі түрде салыстыру оқу соңында көрсеткіштердің айтарлықтай артқанын көрсетеді. Әсіресе, рефлексия көрсеткішіндегі өсім анық байқалады, бұл студенттердің жүйелі түрде рефлексиялық тапсырмалармен жұмыс істеуіне баса назар аударылған педагогикалық дизайнмен толық сәйкес келеді.



2-сурет. MAI көрсеткіштерінің үш компонент (жоспарлау, бақылау, рефлексия) бойынша оқуға дейінгі және кейінгі орташа мәндерінің салыстырмалы графигі

Нәтижелерге жүргізілген статистикалық талдау деректердің қалыпты бөлінбегенін ескере отырып, байланысты таңдауларға арналған Уилкоксонның параметрлік емес критерийі арқылы жүзеге асырылды.

1-кестеде көрсетілгендей, MAI құраушы үш қосалқы шкаласының барлығы статистикалық тұрғыдан маңызды өсім көрсетті:

- Жоспарлау көрсеткіші 3.22-ден 3.89-ға дейін артты ($p < 0.001$);
- Бақылау — 3.05-тен 3.85-ке дейін өсті ($p < 0.001$);

– Рефлексия — 3.01-ден 3.91-ге дейін жоғарылады ($p < 0.001$).

Метатанымдық саналық жиынтық интегралдық көрсеткіші 0.70 баллға өсіп, 3.10-нан 3.80-ге дейін жетті ($p < 0.001$). Бұл өзгерістердің жүйелі сипатқа ие екенін көрсетеді.

1 - кесте

Метатанымдық саналық көрсеткіштерінің оқу басталғанға дейін және аяқталғаннан кейінгі өзгерісі (n = 52)


МАІ көрсеткіші	Оқудан бұрын (M ± SD)	Оқудан кейін (M ± SD)	Δ (орта мән айырмасы)	p-маңызы (Уилкоксон критерийі)
Жалпы индекс	3.10 ± 0.41	3.80 ± 0.38	0.70	< 0.001
Жоспарлау	3.22 ± 0.45	3.89 ± 0.41	0.67	< 0.001
Бақылау	3.05 ± 0.50	3.85 ± 0.43	0.80	< 0.001
Рефлексия	3.01 ± 0.52	3.91 ± 0.40	0.90	< 0.001

Ең үлкен өсім рефлексия шкаласы бойынша тіркелгенін атап өткен жөн (+0.90), бұл жасанды интеллектпен өзара әрекеттесу барысында ойлауды ұғынуға, өзін-өзі талдауға және қабылданған шешімдерді қайта қарауға бағытталған тапсырмалардың тиімділігін растайды. Мұндай нәтиже ЖИ-ді дайын жауап көзі емес, ойлау серіктесі ретінде қарастыратын когнитивтік-метатанымдық модельдің сәтті енгізілгенін көрсетеді.

2. Жасанды интеллектпен өзара әрекеттесу стратегияларының эволюциясы

Келесі маңызды талдау бағыты студенттердің оқу тапсырмаларын шешу барысында генеративті жасанды интеллектке (бұл жағдайда ChatGPT, GitHub Copilot, DeepSeek, Gemini және LLaMA) жолдаған сұраныстарының сипаты қалай өзгергенін зерделеуге арналды. Оқу үдерісі барысында студенттердің мінез-құлқы айтарлықтай өзгергені байқалды: олар дайын кодты тікелей сұратуға негізделген репродуктивті тәсілдерден біртіндеп бас тартып, жасанды интеллектпен өзара әрекеттесудің анағұрлым аналитикалық әрі метатану стратегияларына көшті.

3-суретте студенттердің әртүрлі типтегі сұраныстарының үлесі қалай өзгергені көрсетілген: курстың басында (бірінші апта) және соңына қарай (он бесінші апта). Көріп отырғанымыздай, тәжірибе артқан сайын студенттер «код жаз» секілді тікелей командаларға сирек жүгініп, оның орнына логиканы түсіндіру, шешімдерді рефакторинг жасау және қателерді талдау сияқты күрделірек, танымдық тұрғыда байытылған сұраныстарды жиі қолдана бастаған.



3-сурет. Оқу барысындағы 1-аптадан 15-аптаға дейінгі ЖИ-ге жолданған сұраныс түрлерінің динамикасы

Төменде берілген 2-кестедегі статистикалық деректер визуалды байқауларды нақтылай түседі. Мәселен, дайын кодты тікелей сұрататын сұраныстардың үлесі 42.3 %-дан 17.2 %-ға дейін азайып (–25.1 пайыздық көрсеткішке), ал кодты оңтайландыру мен рефакторингке бағытталған сұраныстар үш есеге жуық өсіп, 10.9 %-дан 34.3 %-ға дейін артты (+23.4 пайыздық көрсеткіші). Мұндай өзгеріс студенттердің стратегиялық ойлау тереңдігінің артқанын және жасанды интеллектіні дайын нәтиженің көзі емес, сыни қолдаудың құралы ретінде пайдалану қабілетінің өскенін көрсетеді.

Сұраныс түрлерінің өзгерісі статистикалық тұрғыдан да мәнді болып шықты: хи-квадрат критерийінің нәтижесі екі кезең арасындағы айырмашылықтың айқын екенін көрсетті ($\chi^2 = 48.7$, еркіндік дәрежесі = 3, $p < 0.001$).

2 - к е с т е

ЖИ-ге сұраныс түрлерінің апталық өзгерісі


Сұраныс түрі	1-апта (%)	15-апта (%)	Δ (өзгеріс, п.к.)	χ^2 (df = 3)	p-маңызы
Дайын кодты тікелей сұрату	42.3	17.2	-25.1		
Қате түзету	28.8	14.5	-14.3		
Логиканы түсіндіру	18.0	34.0	+16.0		
Оңтайландыру / рефакторинг	10.9	34.3	+23.4		
ЖАЛПЫ				$\chi^2 = 48.7$	$p < 0.001$

